



**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ
ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТЫ
(іске асыру мерзімі: 2026–2029 жж.)**

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет, «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәне ӨТУ» АҚ) сапаны қамтамасыз ету жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және 2026-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сапаны қамтамасыз ету университеттің бәсекеге қабілеттілігі мен халықаралық салыстырмалылығын нығайтуға бағытталған академиялық, ғылыми, кадрлық ресурстар мен инфрақұрылымының тұрақты дамуының стратегиялық тетігі ретінде қарастырылады.

2026–2029 жылдарға арналған стратегиялық кезеңде университет сапаны қамтамасыз ету саласында келесі басым мақсаттарды анықтайды:

1. Білім беру қызметін стартегиялық басқару.

Түлектердің нәтижелілігін, жұмысқа орналасуын және кәсіби стандарттар мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін тұрақты талдау негізінде білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілетті және экономикалық тұрғыдан тиімді портфелін қалыптастыру.

2. Құзыреттілікке және тәжірибеге негізделген даярлау моделі.

Білім берудің барлық деңгейінде құзыреттілікке негізделген оқыту құрылымын дамыту, оқытудың жобалық және тәжірибеге негізделген формаларын кеңейту, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын даярлауға және бағалауға жүйелі қатыстыру.

3. Цифрлық жетілу және аналитикалық басқарылу.

Сапаны басқарудың бірыңғай цифрлық ортасын дамыту, білім беру және басқару үдерістеріне цифрлық және AI-құралдарын енгізу, белгілі бір тиімділік көрсеткіштердің негізінде шешімдер қабылдау.

4. Ғылыми нәтижелілік және халықаралық деңгейдегі салыстырмалылығы.

Ғылыми жарияланым белсенділігін арттыру, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту, қолданбалы зерттеулерді кеңейту және университеттің академиялық мәртебесін нығайту.

5. Кадрлық капиталды дамыту.

Тұрақты профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру, ғылыми дәрежелілік деңгейін күшейту, академиялық көшбасшылықты дамыту және біліктілікті жүйелі түрде арттыру.

6. Инфрақұрылымдық және қаржылық тұрақтылық.

Білім беру және цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау және білім беру қызметтерінің тұрақты сапасының негізі ретінде қаржыландыру көздерін әртараптандыру.

7. Сапа мәдениеті және мүдделі тараптардың қатысуы.

Сапаға ішкі мәдениет жауапкершілігін қалыптастыру, білімгерлердің, түлектердің және жұмыс берушілердің қанағаттануына тұрақты мониторинг жүргізу, университет қызметінің нәтижесі жөніндегі ақпараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру білім беру, ғылыми және басқару қызметін стратегиялық дамудың біртұтас моделіне біріктіреді және университеттің үздіксіз жетілдіру принциптеріне адалдығын растайды.